

Қазақстан Республикасының почта-жинақтау жүйесін дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 5 мамырдағы N 131-ө өкімі

Мүдделі мемлекеттік органдардың ұстанымдарын неғұрлым толық есепке алу мақсатында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 ақпандағы N 231 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында салалық (секторалдық) және өңірлік бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыру ережесінің 27-тармағына сәйкес:

1. Қазақстан Республикасының почта-жинақтау жүйесін дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) әзірлеу үшін жауапты мемлекеттік орган болып Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) белгіленсін.

2. Бағдарламаны әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі - жұмыс тобы) мынадай құрамда құрылсын:

Оразалинов - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және
Дулат Сұлтанұлы байланыс жөніндегі агенттігі төрағасының
орынбасары, жетекші

Сейтімбеков - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және
Ардақ Асқарұлы байланыс жөніндегі агенттігінің Байланыс
саласындағы мемлекеттік саясат және
қаржылық реттеу департаментінің директоры,
жетекшінің орынбасары

Исабеков - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және
Нұрлан Даниятұлы байланыс жөніндегі агенттігінің Байланыс
саласындағы мемлекеттік қадағалау және
лицензиялау департаментінің директоры,
хатшы

Досмағамбет - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды
Ерғали Мұқанұлы реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі
агенттігі Телекоммуникациялар және
аэронавигация саласындағы реттеу және
бақылау жөніндегі департаментінің директоры
(келісім бойынша)

Ермекқалиева - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды
Лариса Серікқызы реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі
агенттігі Бәсекелестікті дамытуды қорғау

және үйлестіру департаментінің жылу-энергетикалық кешеніндегі, қаржы рыногындағы және экономиканың өзге де салаларындағы бәсекелестікті қорғау жөніндегі басқармасының қаржы рыногындағы және экономиканың өзге де салаларындағы бәсекелестікті дамыту бөлімінің бастығы

(келісім бойынша)

- Қайсенова - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты
Гүлжихан әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік
Қабдылқайырқызы қамсыздандыру және еңбекақысын төлеу
департаменті директорының орынбасары
- Құрманов - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты
Алмас әлеуметтік қорғау министрлігінің "Зейнетақы
Мұхаметкәрімұлы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық"
республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас
директоры
- Ыбырайымов - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Қалымжан Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру
Уәлиханұлы комитеті Мемлекеттің қатысуымен мемлекеттік
емес заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі
басқармасының бастығы
- Шәріпов - Қазақстан Республикасы Экономика және
Талғат бюджеттік жоспарлау министрлігінің Салалық
Қайыркенұлы органдардың шығыстарын жоспарлау
департаменті өнеркәсіп, құрылыс және көлік
басқармасының бастығы
- Қарақұлова - Қазақстан Республикасы Қаржы рыногын және
Диляра Шапайқызы қаржылық ұйымдарын реттеу мен қадағалау
жөніндегі агенттігінің Сақтандыру рыногы
субъектілерін және басқа да қаржылық
ұйымдарды қадағалау департаменті
директорының орынбасары (келісім бойынша)
- Молдағалиев - "Қазпочта" акционерлік қоғамы басқармасы
Дәурен төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Тұманбайұлы
- Вагнер - "Қазпочта" акционерлік қоғамының атқарушы
Андрей Викторович директоры (келісім бойынша).

3. Жұмыс тобы 2004 жылғы 11 мамырға дейінгі мерзімде Бағдарламаның жобасын әзірлесін.

4. Агенттік заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) 2004 жылғы 17 мамырға дейінгі мерзімде Бағдарламаның жобасын 2005 жылға арналған бюджетті қалыптастыру кезінде республикалық бюджеттік комиссиясының қ а р а у ы н а ұ с ы н с ы н ;

2) Бағдарламаның жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК